

Бұқар жырау ауданының жұмыссыз жастары үшін кәсіптік дипломнан кейінгі практикасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 мамырдағы N 13/01 қаулысы. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 маусымда N 8-11-96 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 23 маусымдағы N 16/05 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының әкімдігінің 2011.06.23 N 16/05 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, жұмыссыз азаматтардың-орта және жоғарғы кәсіби білім оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру және олардың практикалық тәжірибе, білім және дағды алу мүмкіндігін кеңейту мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бұқар жырау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) орта және жоғарғы кәсіби білім оқу орындарын (одан әрі кәсіби оқу орындарын) бітірген, жұмыспен қамту бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркелген жұмыссыз азаматтар арасында жастар саясатын жүргізу, кәсіби бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алу үшін жағдай туғызу, жұмысқа орналасу және еңбек нарығында бәсекелестікті арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

2) кәсіби оқу орындарын бітірген түлектерге - жұмыссыз жастарға уақытша жұмыс орындарын беруге ниет қылған жұмыс берушілермен жұмыссыз жастар үшін жастар практикасында, аясында кәсіптік дипломнан кейінгі практикасын ұйымдастыруға шарт жасалсын;

3) жастар саясатын жүргізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 002 "Жұмыспен қамту бағдарламасы" бағдарламасының 103 "Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар саясаты бағдарламасын кеңейту" бағдарламасы бойынша қарастырылған республикалық бюджет қаржысы есебінен жүргізілсін.

2. Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 маусымдағы N 16/01 "

Бұқар жырау ауданының жұмыссыз жастары үшін кәсіптік дипломнан кейінгі практикасын ұйымдастыру туралы" қаулысының (тіркеу нөмірі 8-11-77, аудандық "Сарыарқа" газетінде 2009 жылғы 25 шілдеде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асхат Сағадидұлы Әлиге жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі және осы 2010 жылдың 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынастарды қамтиды.

Аудан әкімі

Е. Нашаров